



ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ТОҒЫЗЫНШЫ ОТЫРЫС

Онлайн, 2022 жылғы 9 маусым

“СЫРТҚЫ САЯСИ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТАҒЫ ПАРЛАМЕНТТЕРДІҢ РӨЛІ”

ҰСЫНЫМДАР

Парламенттік Ассамблея:

Мемлекеттер мен халықтар арасындағы достық қатынастарды дамытуда парламенттер жетекші рөл атқаратынын **ескере отырып**;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара түсіністікті нығайтуда парламентаралық диалог негізгі рөл атқаратынын **атап өтіп**;

Бүкіл өңірдің игілігі үшін экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экологиялық проблемаларды шешуде ұлттық парламенттердің күш-жігерін үйлестірудегі ТҮРКПА-ның әлеуетті рөлінің маңыздылығын **атап өтіп**;

Сыртқы саяси ынтымақтастықтағы диалогты нығайту бірлік пен ынтымақтастықты ілгерілетуге, сондай-ақ ТҮРКПА өңірінде бейбітшілік пен тұрақтылықты дамытуға үлес қосатынын **мойындай отырып**;

Ұлттық парламенттер мен өңірлік парламенттік ассамблеялар арасындағы қарым-қатынастардың дамуы халықаралық саяси ахуалға оң әсерін тигізетінін **атап өтіп**;

ТҮРКПА-ға мүше парламенттер арасындағы ынтымақтастық Түркі әлемінің тұрақтылығына қатысты ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ұлттық күш-жігер мен халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жағдай жасайтынын **атап өтіп**;

ТҮРКПА-ның тұрақты кездесулері мен оның ұлттық делегацияларының өзара хабарласулары мүше мемлекеттердің парламенттері арасындағы сыртқы саяси ынтымақтастықтың ортақ негізін құруға бағытталған маңызды қадамдар екенін **сезіне отырып**;

ТҮРКПА-ны өңірдегі ең өзекті мәселелерді талқылау арқылы ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің парламентшілері арасындағы сындарлы диалогқа жәрдемдесудің маңызды платформасы ретінде **қарастыра отырып**;

Жылдар бойы ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарды дамытуға және ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесуді мақсат ететін маңызды ұйымға айналғанын **мойындай отырып**,

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің парламенттері мен үкіметтеріне келесіні **ұсынады**:

- a) Парламенттік комиссияның немесе Парламент депутаттары тиесілі достық тобының немесе оларға баратын шетелдік делегациялардың шетелдік байланыстарын **кеңейту**;
- b) Шет елдерде парламентшілер өздерінің парламенттері немесе үкіметтері тағайындаған байланыстар **орнату**;
- c) Парламенттік комиссиялардың Үкімет мүшелеріне сыртқы саясат мәселелері бойынша жазбаша немесе ауызша сұрақтар қою мүмкіндіктерін **кеңейту**;
- d) Халықаралық қатынастар саласындағы парламенттік комиссиялардың есептерін **дайындау**;

- e) ТҮРКПА-ға мүше елдер парламенттерінің парламентшілері мен сарапшылары арасында тәжірибе алмасуға сәйкес ынтымақтастықты *дамыту*;
- f) Парламентаралық институттар парламенттік дипломатияның күш-жігерін үйлестіретіндіктен, парламентаралық ынтымақтастықты ынталандыратындықтан және жаһандық күн тәртібінің қалыптасуына үлкен ықпал ететіндіктен, ТҮРКПА-ның осы саладағы тиімді күш-жігерін қолдауды *жалғастыру*;
- g) ТҮРКПА-ға мүше елдерге бір-біріне өзара қолдау көрсетуге және жетекші халықаралық форумдар шеңберінде өзара мүдделілік білдірілген сыртқы саясат мәселелері бойынша ортақ ұстаным алуға мүмкіндік беретін тетіктер *әзірлеу*;
- h) Консультациялар мен ортақ мүдделерді ілгерілету үшін пайдалы тетік жасай отырып, ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер делегацияларының жетекші парламентаралық ұйымдарда тұрақты кездесулерін *өткізу*;
- i) ТҮРКПА-ға мүше елдердің өркендеуі, саяси және экономикалық тұрақтылығы тұрғысынан олардың сыртқы саясатының іргетасы ретінде бір-біріне өзара қолдау *көрсету*;
- j) Мүше елдердің табандылығы мен жігерлігі арқасында 2022 жылғы 9 наурызда Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссия шеңберінде өткізілген «ТҮРКПА-ға мүше парламенттердің Сыртқы істер жөніндегі комиссиялары басшыларының бірінші кездесуін» жыл сайын *ұйымдастыру*;
- k) Парламентаралық достық топтары парламенттер арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың ерекше құралы ретінде парламенттік дипломатияны дамытуда және саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салалардағы қатынастар мен ортақ мүдделерді жандандыру жөніндегі іс-қимылдарды ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. Осы тұста мүше парламенттердің

парламентаралық достық топтары төрағаларының кездесулерін өткізуді қолдау;

- 1) ТҮРКПА құрылған күн – 21 қарашаны барлық мүше елдерде Түркі парламентаризмінің дүниежүзілік күні деп *тану*.